

№1 (23) • 2005

ФИЛОСОФСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННО-ГУМАНИТАРНЫЙ ЖУРНАЛ

ФИЛОСОФИЯ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

АДАМ ӘЛЕМІ



Мир человека

ПАРЛАМЕНТТИҢ ҚАЗІРГІ ҚОС ПАЛАТАЛЫЛЫҒЫНА КӨЗҚАРАС

Бүгінгі күні дүниежүзінің 150-ден астам мемлекетінде парламент қызмет етеді. Олардың бір немесе қос палаталы болуы елдің тарихи жағдайларына, өзіндік ерекшеліктеріне, ұлттық дәстүрлеріне, мемлекеттің құрылымына, елді басқару нысанына байланысты. Алайда, парламенттің барлығына ортақ жайт - тиісті құрылымы мен өкілеттік деңгейіне қарай олардың екі не дара палаталы болуы.

Әлемдік дәстүр бойынша қос палаталы парламент ең бірінші сол елдің мемлекеттік құрылымына байланысты. Федеративті мемлекеттердің барлығында дерлік ең жоғары өкілді орган екі палатадан тұрады. Бір палата елдегі бүкіл халықтың өкілі болса, екінші палата әр федерация субъектісінің тең өкілдігін қамтамасыз етеді. Сөтіп, парламенттің екі палатасы халықтың қалың тобының сан-салалы талап-тілегін, мұң-мүддесін ескеруге мүмкіндік туғызады, мемлекеттік, аймақтық және қоғамдық мүдделері толығырақ есепке алынуы қамтамасыз етіледі. Сонан соң бұл принцип заң шығарушы және атқарушы биліктердің тиянақты тең салмағын, қалыпты қызмет процесін қамтамасыз етуге көмектеседі. Қос палаталы жүйенің заң шығарушылық жұмыстың сапасына әсер ету мүмкіндігі мол. Әрбір палатаның жеке жауапкершілігі артып, палаталар арасында бәсекелестік туып, жалпы парламент жұмысының тиімділігі артады.

Парламенттің қос палаталығы саяси себептерге байланысты федерация субъектілері жоқ біртұтас елдерде де кездеседі. Екі палаталықтың туу идеясын өкілді және заң шығару органдардың бірігуінен іздеген зерттеушілер де жоқ емес (1). Бұл пікірмен келісу қиын. Ол заң шығарушы органның табиғатын танымаудан туындауы мүмкін. Бұлай Парламенттің медальдің екі бетіндей екі қырын бір бірінен бөліп қарауға болмайды. Заң шығарушылық Парламентке ең жоғары өкілді орган болғаннан кейін тиіп отырғанын ескеру керек.

Осы жерде ескеретін тағы бір мәселе бар. Парламенттік практикада кейде төменгі палатаны жоғары палатаға қарсы қою немесе "төменгі" және "жоғары" деп ерекшелену дұрыс бола бермейді. Сондай-ақ бір палатаның үстемдігі туралы да мәселе болмауы керек. Қырғызстан Парламентінің зертеушісі М. Шерімқұлов өзінің "Қырғызстандағы Парламенттің дамуы мен қалыптасуы туралы" атты докторлық диссертациясында қос палаталықтың туындау себебін "...желанием заставить парламентскую машину работать более эффективно,



благодаря наличию так называемой “контрольной палаты”, в обязанность которой входит осуществление тщательной проверки подчас поспешных решений первой палаты”, — деп түсіндіреді (2). Парламенттің жоғары палатасын бақылау палатасына теңестіруге ұмтылу — заңды қате. Конституцияларда, басқа заңдық актілерде мұндай ойға жол берілмеген, әр палатаның құрылу мақсаты мен өкілдігінің заңдық негіздері жеткілікті қарастырылған. Бұл — бір. Екіншіден, заң жобаларын талқылау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесінде қателіктер кетпеуіне ешбір палата кепілдік бере алмайды. Шеберліктің шегі жоқ. Үшіншіден, жоғарғы палатаны “*тщательная проверка*” жасайды деп төменгі палатаны бақылаушы етіп биік ұстау парламенттік әдепке жатпайды.

Парламенттің екі палатасының “жоғарғы” және “төменгі” деген атауларын сенаторлар мен мәжілісмендердің сапалық жақтарының айырмашылықтарынан іздеушілер де бар (3). Олардың айтуынша, саяси және құқықтық сапасы жағынан жоғары деңгейдегі мәслихат депутаттары сайлағаннан кейін сенаторлардың сапасы жоғары болады. Бұлай бірер жүз ғана мәслихат депутаттары сайлайтын сенаторлар мен мыңдаған халық дауыс беретін және ондаған әр түрлі деңгейдегі жиналыстарда іріктелген Мәжіліс мүшелерінің арасына осылай сына қағу құқықтық та адами да жағынан оң бола қоймайды. Парламенттің екі палатаға бөлінуі ешқандай екі сортты депутаттар туралы пікір туғызбауы керек. Әңгіме екі палатаның, олардың депутаттарының заң шығарушылық процесітегі өзіндік құзыреттері мен міндеттері турасында ғана болғаны дұрыс. Рас, палаталардың қалыптасу жолы, өкілеттік аялары мен мерзімдері, заң жобаларын қарау рәсімдері әр түрлі. Алайда, мақсат бір. Ол — заң шығару процесін сапалы жүзеге асыру.

Қос палаталы Парламент біртұтас мемлекеттерде де бар. Мұндай Парламент әлемнің 60 елінде қызмет етуде. Бұл ТМД елдерінің ішінде Белорус, Қазақстан және Қырғызстан Республикаларында орын алып отыр. Алайда, Қырғызстанда бүкілхалықтық референдум өткізіліп, 2005 жылдан бір палаталы Парламентке көшеді. Жалпы парламенттердің эволюциялық құрылымында бикамерализм әдісінен бас тарту бағыты жандануда (4).

Қазақстан Парламентінің қос палаталығының қажеттігі туралы мәселе егемен елдің тұңғыш Конституциясының жобасын дайындау кезінде де көтеріліп, Республика кеңесі және Өкілдер кеңесінен тұратын екі палаталық жүйе Жоғарғы Кеңестің құрылымына енгізілген болатын. Бұл ұсыныс Конституциялық комиссия мәжілісінің бір отырысында оның мүшелеріне таратылып берілген “Қазақстан Республикасы Парламентінің екі палаталы құрылымы” атты материалда баяндалған-ды (5).

Алайда, екі палаталы Парламент туралы идея айтылып, оны құрудың жолдары жан-жақты ойластырылғанымен, Жоғарғы Кеңестің бұрынғы



ескі құрылымы жұмысын жалғастыра берді де, оның басшылығындағы кісілердің бірсыпырасы екі палаталы Парламентті қолдамады. Сондай-ақ белгілі заңгер депутаттар да комиссия мәжілістерінде үзілді-кесілді қарсы шығып, Парламенттің қос палаталық жүйесінің артықшылығынан кемшілігінің әлдеқайда басым екендігін дәлелдеді. Сол кездегі конституциялық комиссияның жанынан құрылған сараптама (экспертная) тобының жетекшісі С. Зимановтың ойынша, біріншіден, бүгінгі бір палаталы Парламентті біреудің нұсқауымен екі палаталы ете салуға болмайды, екіншіден, бұл мәселеде әлі ойластырылған, ғылыми негізделген шешім жоқ; үшіншіден, қос палаталы жоғары заң шығарушы орган федеративті мемлекеттерде құрылады; төртіншіден, әкімшілік облыстардан сайланған депутаттар корпусымен қатар жоғары палатаға өкілдер сайлау тиімсіз, бұл жергілікті жерде мемлекеттік екінші мүддені заңдастыру; бесіншіден, жоғары палатаны вице-президенттің басқаруы, оған бұрынғы президенттердің кіруі және жоғарғы палатаның күрделі мәселелерді шешердегі соңғы сөзі бұл палатаны артықшылықпен пайдаланатын өкілді мекемеге айналдырады; алтыншыдан, парламенттегі екі палаталық жұмысты күрделілендіреді (6). Шындығына келгенде, бұл ойлар төркінсіз емес еді. Принципті мәселелер жетерлік болатын. Алайда, жоғары өкілді органның конституциялық-құқықтық моделін жасаушылар Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық дамудың тәжірибесін Еуропа парламентаризмінің дәстүрімен ұштастыруға ұмтылды. Олар болашақ Парламенттің құқықтық бейнесін Франция, Италия парламенттері жүйесінен іздестірді.

Парламенттің қос палаталығы туралы идея 1995 жылғы референдумда қабылданған Конституцияда соңғы шешімін тапты. Ол тұрақты негізде жұмыс істейтін дербес құрылымды екі палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады. Конституцияда бұлардың өкілеттіліктері мен жұмыс нысандары, заң шығарушылық және бірсыпыра бақылау функциялары айқындалған. Сонымен қатар Конституция палаталардың бірлескен және бөлек отырыстарында жүзеге асыратын қызмет тәртіптерін белгілеген. Әр палата тек өз құқықтарына байланысты мәселелерді ғана шешеді. Соған сай олардың өз ішкі жұмыс тәртібін айқындайтын регламенттері де бар.

Парламенттің Сенаты әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және республика астанасынан 2 адамнан сайланатын депутаттардан құралады. Сенаттың жеті депутатын Парламент өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындайды. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады (50-бап, 2-тармақ, 51-баптың 2-тармағы). Ал Мәжіліс республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісін ескере отырып құрылатын және сайлаушылар саны шамамен тең бір мандатты аумақтың сайлау округтері бойынша сайланатын алпыс жеті депутаттан тұрады. Он депутат барабар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпы ұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдердің



негізінде сайланады (50-бап, 3-тармақ) мәселелерді әуелі Мәжілісте, содан кейін Сенатта өз кезегімен қарайды. Парламенттің екі Палатасы Конституцияға сәйкес бірлескен отырыстар өткізе алады. Бұл Конституцияға өзгерістер енгізілгенде, конституциялық заң жобаларын қарағанда, республика бюджетін бекіткенде қажет.

Конституция және "Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңында Сенат және Мәжіліс депутаттары қызметінің заңдық нормалары жан-жақты қарастырылған. Конституциялық заңға сәйкес депутат Парламент сессиясында және өзі құрамына кіретін оның органдарының отырыстарында қаралатын барлық мәселелер бойынша шешуші дауыс құқығын пайдаланады. Ол Парламент пен оның палаталарының үйлестіруші және жұмыс органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сессияның күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қарау тәртібі мен олардың мәні жөнінде ұсыныстар мен ескертпелер енгізуге, заңда белгіленген тәртіппен депутаттық сұрау салуға, жарыссөзге қатысуға, баяндамашыларға, сондай-ақ, отырысқа төрағалық етушіге сауалдар беруге, Парламент қабылдайтын заңдардың, қаулылардың, басқа да актілердің жобаларына түзетулер енгізуге, т. б. хақылы.

Қос палаталы Парламенттің заң қабылдау процесінде көптеген ерекшеліктер бар. Үкімет ұсынған заң жобасы Парламент алдымен Мәжіліске келіп түседі. Мәжіліс заң жобасының тақырыбы мен мазмұнына сәйкес тиісті комитетке тапсырма береді. Ол бас комитет болып саналады. Заң жобасы жөніндегі қорытындыны әзірлеуге қажетті мерзім тапсырмада көрсетіледі және ол мерзім тіркелген заң жобасы тиісті комитеттер мен палата аппаратының заңдар бөліміне келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кем болмауға тиіс. Егер Республика Президенті заң жобасын жедел қарауды арнайы жолдаса, қорытынды әзірлеуге қажетті мерзім 7 күнтізбелік күннен аспауы керек. Тұрақты комитеттердегі заң жобасын қарау тәртіптері Палаталар Регламенттерде жан-жақты қарастырылған.

Үкімет ұсынған заң жобасы Президент қол қойғанша талай тағдырды бастан кешіреді. Парламент практикасында, заң жобаларының күрделілігіне байланысты олардың бірнеше айлап, кейде бір сессиядан екінші сессияға ауысып жататын кездері жиі кездеседі. Мысал үшін 2000 жылы жеті айдан астам талқыланған "Ғылым туралы" заң жобасына да аса күрделі өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Өйткені арнайы құрылған жұмыс тобындағы депутаттардың пікірінше, заң жобасы ұсынылынған түрінде елдің ғылыми әлеуетін сақтау және дамыту міндеттеріне сай келмеді. Ұлттық Ғылым Академиясының, Жоғарғы аттестациялау комиссиясының мәртебелері айқындалмаған, ғылыми қызметкерлердің құқықтарына, олардың әлеуметтік қорғалуына жеткілікті назар аударылмаған. Сол себепті ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың



негізгі принциптері нақтыланып күшейтілді, ғылыми қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері туралы жаңа бап енгізілді, ғылыми ұйымдардың мәртебесіне қатысты нормалар елеулі түрде пысықталды. Ғылыми-техникалық қызметті бюджеттік қаржыландырудың көздері айқындалып, ғылыми қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуді көздейтін бірсыпыра нормалар қосылды (7).

Екі палаталы Парламенттің жұмысында Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын Сенаттың қайтару фактілері күнделікті кездесіп отыратын мысалдар. Бұның өзі "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңының заңдарды қабылдауды қарастыратын 18-бабының 1-ші және 2-тармақтарында нақты көрсетіліп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентінің 75-76-тармақтарында жан-жақты айтылған. Бұл - екі палаталы Парламенттің табиғатына тән заңдық норма. Рас, Парламент жұмысының алғашқы айларында осындай Мәжіліс пен Сенат арасындағы болған жайларды бұқаралық ақпарат құралдарында алып қашып, әлдеқалай Парламенттің дағдарысы деп көрсетуге ұмтылғандар болмай қалмады. Шынтуайтына келгенде, Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жобаның Мәжіліске қайтарылуы, Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдау немесе Сенат енгізген өзгерістер мен толықтыруларға қарсы болса, палаталар арасындағы келіспеушілікті тиісті рәсімдер арқылы шешу – мұның барлығы заңдардың сапасын ойлаудан туған идеялар екенін есте ұстағанымыз абзал.

Конституцияда көрсетілген мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйе билік тармақтары құрылымдары арасында да әрекет ету мүмкін. Мысалы, Парламенттің палаталарын алуға болады. Тежемелік және тепе-теңдік жүйесі палаталардың тәуелсіздігін, олардың өз өкілеттіктері шеңберінде қызметін, бір-біріне бақылаушылық және өзара әрекеттестік жағдайын қамтамасыз етеді. Бұл Парламент палаталарының кез келген артық іс-әрекетін бейтараптандырып, ешқайсысының басқаларға билік құруына мүмкіндік бермейді, палаталардың функциялары мен өкілеттігін тең ұстау үшін қолданылады. Ал егер қайшылық туып жатса, келісім жолымен оны жойып отырады. Бұл жүйе мына мәселелерге негізделген: біріншіден, билік тармақтарының құрылу көздері әр түрлі. Бұл туралы жоғарыда айттық. Екіншіден, заң шығарушы билікті құрайтын палаталардың – Сенат пен Мәжілістің өздерінің дербес ерекше өкілеттіктері мен функциялары бар. Мысалы, Сенат Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сот алқаларының төрағаларын және судьяларын сайлайды. Ал Мәжіліс Республика Президентінің ұсынуымен Республиканың Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, Төрағасының орынбасарларын,



хатшысы мен мүшелерін сайлайды және қызметтен босатады. Үшіншіден, заң шығарушы биліктің басты органдарының өкілеттік мерзімдері әр түрлі. Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - 5 жыл. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі—алты жыл. Төртіншіден, Парламенттің бас органдарының өзара араласып жатқан өкілеттіктері де бар. Мәжіліс заң жобаларын мақұлдаса, Сенат оны қабылдауы да, қабылдамауы да мүмкін. Егер заң жобасын Сенат қабылдаса, онда ол Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс Сенат енгізген өзгертулер мен толықтыруларға қарсы болса, палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі.

Парламенттік практика көрсеткендей, палаталар арасында қызу таластар, келіспеушіліктер аз болмайды. Мұны шешудің жолдары Конституцияда, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңда, Парламенттің, оның палаталарының Регламенттерінде арнайы қарастырылған. Парламенттің өткен 8 жылдық практикасында Мәжіліс мақұлдаған заң жобасын Сенат екінші рет қабылдамай, оның сессия күн тәртібінен түсіп қалған кезі болған жоқ.

Бүгінгі күні қос Палаталы құрылым арасында сындарлы өзара қатынас қалыптасты, практикада заң жобалары бойынша келіспеушілікті шешу тетігі пысықталды. Мәжіліс пен Сенаттың қос "сүзгісі" әр түрлі әлеуметтік топтардың, аймақтар мен тұтас республиканың мүддесін толық білдіріп, келісуге ұсынылған заң жобаларының олқылықтары мен пысықталмаған тұстарын жоюға мүмкіндік жасады.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес қос палаталы Парламент еліміздің өтпелі кезеңіндегі жаңа тұрпатты саяси жүйесіндегі басты жетістігі болғандығын айту керек. Негізінен жаңа қоғам құрудың ерекшеліктері мен қиыншылықтарына байланысты құрылған қос палаталы Парламент өзінің тарихи миссиясын орындап келеді. Қазіргі қоғамымыздағы саяси тұрақтылыққа Парламентіміздің қосып отырған үлесі айрықша. Кәсіби Парламент қабылдаған 1000-нан астам заңдар әлеуметтік-экономикалық, мәдени, құқықтық салалардағы аса маңызды қатынастарды реттеуге негіз салды. Бұл республикамыздағы жүзден астам ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің келелі келісіміне, ынтымақты жұмысына игі ықпал етіп отыр.

Алайда, еліміздегі шынайы парламентаризм мүддесі, қоғамды демократияландыра түсудің қажеттігі жаңа қадамдар жасауды ұсынады. Бұл Парламент құрылымына да қатысты. Әлемдік дәстүрді ескере отырып, ең негізгісі Қазақстанның біртұтас мемлекеттігі жағдайында бір палаталы Парламентке көшу қажет. Көптеген ғалымдар федеративті мемлекеттерде федерациялардың субъектісінің мүдделерін көздейтін екінші палатаның мәні бар, ал біртұтас мемлекеттерде оның болуына ешқандай қисын жоқ дейді (8).

Әңгімеміздің басында Парламентіміздің қос палаталығын талқылаған кезде Республиканың белгілі заңгерлері, қоғам қайраткерлері, депутаттар



екі палаталық жүйенің артықшылығынан кемшілігінің басым екендігін, екі палаталық біртұтас мемлекеттерде төменгі палатаның құқығын шектемейтін, заң шығарушылық рәсімдерді күрделілендіріп, уақытын ұзартатынын жан-жақты дәлелдегенінайтқан болатынбыз. Қос палаталық Парламент аппаратының ретсіз өсуіне жол ашады, қаржылық жағынан да тиімсіз. Бүгінгі күні Сенаттың дәл Мәжілістегідей тұрақты комитеттеріне 247 млн. 575 мың 435,4 теңге жұмсалса, дәл Мәжілістің аппаратындай аппарат ұстау үшін 146 млн. 406 мың 398,2 теңге жұмсалып отыр. Айта кететін бір мәселе — Сенаттың әрбір депутаттары үшін 3,6 бірліктегі аппарат қызметкерлері ұсталса, осы көрсеткіш Мәжілісте 2,8 ғана. Заң жобасының нағыз тағдыры шешілетін аса күрделі жұмыс Мәжілісте болатынына ешкім дау айта алмайды. Алайда, атқарушы билік өзіне бір табан жақын Сенатқа осындай артықшылықтар беріп қойған. Зандардың сапасы түптеп келгенде екі палаталыққа байланысты емес, ол депутаттар корпусының кәсіби деңгейіне, олардың заң жобаларымен жұмысының амалдары мен тәсілдеріне байланысты. Сонан соң біртұтас республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі болып табылатын облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан Мәжіліс депутаттарымен қатар жоғары палатаға да өкілдер сайлау ешқандай логикаға келмейді.

9 жылдық парламенттік тәжірибе нені көрсетті? Қандай қиыншылықтарға кезікті? Соның бірі — заң шығарушылық жұмыстың ретсіз созылып кетуі. Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын Сенат түгелдей қабылдай қоймағанда немесе Сенат енгізген өзгерістер мен толықтыруларға Мәжілістің келісе қоймауынан кезінде “Жарнама туралы”, “Бұқаралық ақпарат құралы туралы” заң жобаларымен жұмыстың бірнеше айларға созылып, бір сессиядан екінші сессияға ауысқаны белгілі. Екі палаталы Парламент қаржылық жағынан да тиімді емес. Артық шығындарға жол беріледі. Сондай-ақ, кезінде екі палаталы Парламент құрудағы негізгі саяси себептерге бүгінгі күні негіз жоқ. Қоғам қалыптасып келеді. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанына алда он үш жыл толады. Сол сияқты қос палаталық заңның сапасына игі әсер етеді деу де толық дәлел бола алмайды. Бір палаталық жағдайда заң сапасыз қабылданады да, екі палаталық сапалықтың кепілі болады деу де негізсіз.

Парламенттің бір палаталығы атқарушы органмен теке-тіреске өкелуі мүмкін дегендерге де айтарымыз жеткілікті. Біріншіден, Конституцияның 61-бабының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін. Екіншіден, мемлекеттік билік тармақтарының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететін Республика Президенті бар.

Сөз соңында лейборизмнің көрнекті идеологі С.Криппстин: “Егер біз тиімді демократияға қол жеткізгіміз келсе, онда мемлекеттің егемендігін бөле-жаратын екі палатаның болуы мүлде мүмкін емес. Екінші палата не өкілді палата болады – бұл ретте ол бірінші палатаның көшірмесі сияқты, не ол тұтастай алғанда халықтың атынан өкілдік ете алмайды – мұндай жағдайда шынайы демократиялық қоғамда оған орын жоқ”, – деген пікірімен толық келісетінімізді де айта кеткіміз келеді (9).

Міне, бұл айтылғандардың барлығы да Парламентті бір палаталы етіп қайта құруға саяси да, қаржылық та негіз жеткілікті екенін көрсетеді. Ендігі әңгіме мұны жан-жақты ойластыра отырып, конституциялық жолмен шешуде.

Әдебиеттер

1. *Үмбеталиева Т.Б.* Развитие представительной власти Казахстана в условиях унитарного государства. Дисс.канд.полит.наук. – Алматы, 1999. – 21 стр.
2. *Шеримкулов М.* Становление и развитие парламентаризма в Кыргызстане. Дисс. док-ра полит. наук. - Алматы: 1999. - 209 стр.
3. *Абдраимов Б.* Роль Сената в законотворческом процессе. // Казахстанская правда. 11 февраля 2003 года.
4. *Қонабаев Ө.Қ.* Шетелдердің конституциялық құқығы. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 101 бет.
5. *Әбділдин С.* Қазақстан Парламенті: Одақтан ордалы елге бет түзеп... – Алматы: Қазақтан, 1993. –148 бет.
6. *Зиманов С.* Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы, 1996. – 55-56 стр.
7. Қараңыз: Стенограмма парламентских слушаний на тему: “Законодательное обеспечение и развитие науки, как важнейшего фактора реализации стратегии” Казахстан. – Астана, от 6 ноября 2000 года.
8. *Мишин А.А.* Конституционное (государственное) право зарубежных стран. – М., 1999.
9. Цит по: *Мишин А.А.* Конституционное (государственное) право зарубежных стран.

Резюме

Бакир А. Исследование современного двухпалатного Парламента

В статье, анализируя двухпалатность сегодняшнего Парламента, автором дается новый подход к этой проблеме. Доказывается необходимость однопалатного Парламента Республики Казахстан в условиях унитарного государства.

Summary

Bakir A. The examination of modern two-chambered Parliament

In the article by analyzing the present two-chambered Parliament, is given it by the author a new approach to the problem. It is proved a necessity of an one-chambered Parliament of the Republic of Kazakhstan in the conditions of the unitard state.